

Ұлттық экономика министрі  
Ә. Қуантыровтың  
«ҚР елді мекендеріне арналған өңірлік стандарттар жүйесі туралы»  
Үкіметтік сағатқа арналған баяндамасы  
2023 жылғы 5 маусым

**Құрметті Альберт Павлович!  
Құрметті депутаттар!**

**1-СЛАЙД**

Президенттің Қазақстан халқына Жолдауы шеңберінде Үкіметке кіріс пен өмір сүру сапасын арттыру арқылы қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуін қамтамасыз ету жөніндегі міндет қойылды.

Мемлекет басшысы әрбір **өңір мен ірі қала** қолда бар **бәсекелестік артықшылықтары** ескеріле отырып дамуға тиіс екенін атап өтті.

**2-СЛАЙД**

Осыған байланысты Ұлттық экономика министрлігі әртүрлі елді мекендер үшін *(тірек ауылдардан бастап республикалық маңызы бар қалаларға дейін)* **Өңірлік стандарттар жүйесін (ӨСЖ)** әзірледі.

Жүйе халыққа қажетті **объектілер мен көрсетілетін қызметтердің нақты тізбесін** қамтиды.

*Анықтама ретінде: көлік, мәдени-спорттық, іскерлік, өндірістік, цифрлық және т.б. инфрақұрылыммен қамтамасыз ету.*

Яғни, бұл әрбір елді мекенді жеткізу қажет болатын ең төмен стандарттар болып табылады.

Мемлекеттік органдар жүйені өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуын **жоспарлау кезінде пайдаланады.**

Бұл ретте Министрлік өңірлердің ең төмен стандарттарға сәйкестігі тұрғысынан жыл сайын **мониторинг жүргізеді.**

*Анықтама ретінде: мониторинг нәтижелері өңірлерге инфрақұрылыммен ең аз қамтамасыз етілген елді мекендерді анықтауға және тиісті қаржыландыруды жоспарлауға мүмкіндік береді.*

### **3-СЛАЙД**

Өңірлік стандарттар жүйесі өңірлік даму саласында **Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің** негізгі құжаттарымен интеграцияланған.

Мәселен, **2025 жылға дейінгі аумақтық даму жоспарында** (21.02.2022 ж. №812 ҚРП Жарлығы) және **Ауылдық аумақтарды дамытудың 2023 – 2027 жылдарға** арналған тұжырымдамасында (28.03.2023 ж. №270 ҚРҰҚ) еліміздің кеңістікте дамуы мен ауылдық аумақтарына қатысты **ӨСЖ тәсілдері** көзделген.

Сонымен қатар әзірленіп жатқан **жаңа Бюджет кодексі** шеңберінде (қабылдау мерзімі – а.ж. қыркүйек) **ӨСЖ** ережелерін жалпы сипаттағы трансферттерді (ЖСТ), мемлекеттік органдар мен облыстардың инвестициялық жоспарларын қалыптастыру бөлігінде бюджеттік жоспарлаумен байланыстыру көзделеді.

Бұл ретте бүгінгі таңда республикалық бюджетті қалыптастыру кезінде **ӨСЖ** параметрлерін қолданып жүргенімізді атап өткім келеді.

#### 4-СЛАЙД

Бұл слайдта Өңірлерді дамытудың мемлекеттік бағдарламасына қосымшамен бекітілген **ӨСЖ-нің** алдыңғы **нұсқасына** сәйкес **2019-2021 жылдар** кезеңінде ауылдарды қамтамасыз етудің сандық деректері көрсетілген.

Мәселен, 2021 жылғы жағдай бойынша өңірлер бөлінісінде барлық елді мекендер бойынша **объектілермен** және көрсетілетін **қызметтермен** (игіліктермен) қамтамасыз етілу деңгейі 2019 жылмен салыстырғанда **9,3** пайыздық тармаққа (п.т.) ұлғайып, **64,1%-ды құрады**.

#### 5-СЛАЙД

Сонымен бірге өңірлер әкімдіктерінің, мүдделі мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдардың ұсыныстарын, сондай-ақ **өткен жылғы парламенттік тыңдаулардың** қорытындылары бойынша Парламент депутаттарының ұсынымдарын ескере отырып, Министрлік **2022 жылы** Өңірлік стандарттар жүйесін жетілдіру бойынша ауқымды жұмыс атқарды.

Нәтижесінде **ағымдағы жылғы қаңтарда** ӨСЖ-ге тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілді (*20.01.2023 ж. №7 бұйрық*), сондай-ақ ӨСЖ көрсеткіштерін есептеуді бағалаудың жаңа **Әдістемесінің жобасы** әзірленді.

*Анықтама ретінде: ҰЭМ, МСМ, ОМ, ДСМ, ИИДМ, ЦДИАӨМ 20.01.2023 ж. №7 бірлескен бұйрығы.*

*Әдістеменің жобасы әзірлену сатысында, Ауылдық аумақтар тұжырымдамасына сәйкес бекіту мерзімі – а.ж. тамыз.*

ӨСЖ-нің жаңа редакциясы шеңберінде **объектілер** мен көрсетілетін **қызметтердің тізбесі** айтарлықтай **кеңейтілді**,

сондай-ақ **елді мекендердің** (қалалар мен ауылдардың) қосымша **сыныптамасы** жүргізілді.

Бұдан басқа **ӨСЖ көрсеткіштерін** есептеудің жаңа әдістемесіне объектілер мен көрсетілетін қызметтердің (игіліктердің) сапасын **сипаттайтын** көрсеткіштер қосылды.

Яғни енді объектінің техникалық сипаттамалары (*авариялық жағдайы, күрделі жөндеу, жаңа құрылыс салу қажеттілігі*) және материалдық-техникалық базамен жарақтандырылу деңгейі де ескеріледі.

Анықтама ретінде: объектілердің сапалық сипаттамаларын **мониторингтеуді** және **бақылауды** жүзеге асыру үшін **сапалық көрсеткіштердің** кеңейтілген ақпараты қажет (*ағымдағы және күрделі жөндеу жүргізу қажеттілігі, авариялық жағдайы, материалдық-техникалық базаны жинақтау қажеттілігі*).

Мәселен, бұрын қолданылған **ӨСЖ** әдістемесінде жұмыс істеп тұрған объектінің бар-жоғы ғана бағаланды. Мысалы, Ақмола облысының Зеренді ауылында үш мектеп бар, **ӨСЖ** бойынша қамтамасыз етілуі 100% деп есептелді.

Қазіргі уақытта Зеренді ауылында 3 мектептің **2-і күрделі жөндеуді** қажет етеді, сондай-ақ тағы **1 мектептің құрылысы** қажет.

Тиісінше, сапалық көрсеткіштерді ескере отырып, жаңа **ӨСЖ** әдістемесі бойынша Зеренді ауылының қамтамасыз етілу деңгейі **81%-ға дейін төмендеді**.

Жаңа ӨСЖ тыныс-тіршіліктің әлеуметтік, инженерлік-көліктік, экологиялық және тұрмыстық салаларында **12 бағыт бойынша** құрылымдалғанын слайдтан көруге болады.

Анықтама ретінде: білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт, бос уақыт өткізу және демалыс, көлік, жол және инженерлік инфрақұрылым, қоршаған ортаның қауіпсіздігі мен қорғалуын қамтамасыз ету, ақпараттық коммуникация, тұрмыстық қызмет көрсету және көрсетілетін қызметтер инфрақұрылымы.

## 7-СЛАЙД

Елді мекендер республикалық және облыстық маңызы бар қалалар, аудандық маңызы бар қалалар және аудан орталықтары, ауылдық округтердің орталықтары, тірек ауылдық елді мекендер және басқа да ауылдық елді мекендер сияқты **5 санат бойынша топтастырылған.**

Сондай-ақ елді мекендердің әрбір типі бойынша ӨСЖ-нің **объектілер мен көрсетілетін қызметтер тізбесі кеңейтілгенін** алдында атап өткен болатынмын.

Мәселен, ӨСЖ-нің қайта бекітілген объектілер мен көрсетілетін қызметтер (игіліктер) тізбесінде:

**облыстық** маңызы бар және **республикалық** маңызы бар қалалар үшін – **56 объект/көрсетілетін қызмет** (бұрын 51 болған),

**аудан орталықтары мен аудандық** маңызы бар қалалар үшін – **49** (бұрын – 32),

**ауылдық округтердің орталықтары үшін – 40** (24),

**ауылдар үшін – 29 объект/көрсетілетін қызмет** (12) көзделіп отыр.

Бұл ретте **негізгі** объектілер мен **көрсетілетін** қызметтерден (игіліктерден) басқа, ӨСЖ тізбесінде

**ұсынылатын объектілер мен көрсетілетін қызметтер де көзделген.**

*Анықтама ретінде: ауылдар үшін ұсынылатын объектілер/көрсетілетін қызметтер саны 11, ауылдық округтер орталықтары – 12, аудан орталықтары – 13, аудандық маңызы бар қалалар – 1 және облыстық және республикалық маңызы бар қалалар үшін 15 құрайды.*

*Объектілер тізбесіне білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, денсаулық сақтау, мәдениет, сондай-ақ инженерлік және жол инфрақұрылымы салаларына жататын қосымша объектілер енгізілген.*

## **8-СЛАЙД**

Келесі 3 слайдта елді мекендердің әрбір типіне арналған **объектілер мен көрсетілетін қызметтердің нақты тізбелері** көрсетілген.

Мәселен, ауылдық елді мекендер аудан орталықтарына, ауылдық округтердің орталықтарына, тірек АЕМ-ге және қалған ауылдарға бөлінген.

Слайдта аудан орталықтарына арналған объектілер мен көрсетілетін қызметтер ұсынылған.

Бұл ретте ескі ӨСЖ-мен салыстырғанда аталған елді мекендер үшін 12 жаңа объект пен көрсетілетін қызмет қосылған.

## **9-СЛАЙД**

Бұл слайдта ауылдық округтердің орталықтары, тірек АЕМ және қалған ауылдар үшін жаңа ӨСЖ-нің объектілері мен көрсетілетін қызметтері ұсынылып отыр.

Аталған тізбелерге облыс әкімдіктері мен Парламент депутаттарының ұсыныстары бойынша *мемлекеттік ветеринариялық станциялар мен пункттер, қатты тұрмыстық қалдықтарды бөлек жинауға арналған*

контейнерлер және т. б. сияқты жаңа объектілер қосылғанын атап өту қажет.

## 10-СЛАЙД

Қалалық елді мекендер бойынша қала аумағын әрқайсында шамамен 10 мың адам тұратын шартты «жоспарлау секторларына» бөлуді ескере отырып, халықтың оларға **«20 минуттық қадамдық қолжетімділігі»** қағидаты бойынша объектілермен және көрсетілетін қызметтермен (игіліктермен) қамтамасыз етілуіне баса назар аударылды.

## 11-СЛАЙД

Бұл слайдта **жаңа ӨСЖ-ге** сәйкес өңірлер бойынша **орташа қамтамасыз етілу** көрсетілген, ол **2022 жылдың** қорытындысы бойынша **55,7%-ға** жетті.

*Анықтама ретінде: ӨСЖ-ге қол жеткізу көрсеткіштерін бағалауды есептеу кезінде елді мекендер **алдын ала** деректерді пайдаланды, өйткені бүгінгі күні көрсеткіштерді есептеудің бекітілген жаңа әдістемесі жоқ.*

Бұл ретте қосылған сапалық параметрлерді ескере отырып, **жаңа ӨСЖ** әдістемесі бойынша есептелген бұл **көрсеткіш** ӨСЖ-нің алдыңғы нұсқасы (Өңірлерді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде) бойынша көрсеткіштерді мониторингтеу нәтижелеріне қарағанда анағұрлым **шындыққа жақынырақ**.

Бұл ретте объектілермен және көрсетілетін қызметтермен барынша **көп** қамтамасыз етілу Алматы қаласында **90%** және Астана қаласында **75%**, сондай-ақ Павлодар облысында **81%**,

Маңғыстау облысында **66%** және Алматы облысында **65%** байқалады.

Қамтамасыз етілудің **төмен деңгейі** Шығыс Қазақстан облысында **50,8%**, Батыс Қазақстан облысында **50,7%** және Жетісу облысында **50,3%** байқалады.

## 12-СЛАЙД

Бұл слайдта **2022 жылғы** мониторинг нәтижелері тек **қала/ауыл бөлінісінде** көрсетілген.

Мәселен, қалалар бойынша қамтамасыз ету **87%**, ауылдар бойынша – **55,3%** құрады.

Бұл базалық қызметтер мен әлеуметтік игіліктерге қолжетімділік көрсеткіштері бөлігінде **алшақтықтарды қысқарту**, қала мен ауыл арасындағы **диспропорцияларды барынша азайту** қажеттігін тағы да дәлелдейді.

Біздің мақсат – қала мен ауылды теңестіру емес, дегенмен олардың арасындағы айырмашылықты барынша азайту қажет.

## 13-СЛАЙД

Келесі 5 слайдта **2022 жылғы** Өңірлік стандарттар жүйесі көрсеткіштерін мониторингтеудің негізгі салалары көрсетілген.

«**Білім беру**» саласында: мектептер бойынша елді мекендерді қамтамасыз ету деңгейі **83%**, мектепке дейінгі білім беру мекемелері – **82%**, ТЖКБ объектілері – **57%** құрады.

## 14-СЛАЙД



**«Денсаулық сақтау»** саласында: денсаулық сақтау мекемелері бойынша қамтамасыз ету деңгейі **75%**, дәріханалар бойынша – **32%** құрады.

### **15-СЛАЙД**

**«Мәдениет және спорт»** саласында: мәдени-демалыс ұйымдары бойынша елді мекендердің қамтамасыз етілу деңгейі **72%**, мұражайлар – **45%**, дене шынықтыру-сауықтыру кешені – **54%** және спорттық жаттығу залдары – **56%** құрады.

### **16-СЛАЙД**

**«Инженерлік инфрақұрылым»** саласында: орталықтандырылған сумен жабдықтау бойынша инженерлік инфрақұрылым саласындағы объектілермен және көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз ету деңгейі **89%**, су бұру жүйесі бойынша – **51%** құрады.

### **17-СЛАЙД**

**«Көлік инфрақұрылымы»** саласында: елді мекендердің қалаішілік/ кентішілік жолдармен қамтамасыз етілу деңгейі **76%**, жол жарығы – **45%**, автокөлік жуу орындары – **60%**, теміржол вокзалдары бойынша **60%** құрады.

### **18-СЛАЙД**

Бүгінгі таңда Министрлік адамдардың өмір сүру сапасын арттыру және Өңірлік стандарттар жүйесінің көрсеткіштерін жақсарту мақсатында түрлі бюджеттік бағдарламалар шеңберінде өңірлерді дамыту бойынша жұмысты жалғастыруда.

Мәселен, **2023 жылы** өңірлердің инженерлік және көлік инфрақұрылымын дамыту үшін **14 облыс орталығында 67** бюджеттік инвестициялық жобаны іске асыруға **42,1 млрд. теңге** бөлінді.

Осы қаражат шеңберінде қала ішіндегі **60** шақырымға жуық жолдарды және **140** шақырым инженерлік желілерді (*электрмен, жылумен жабдықтау*) жаңғырту жұмыстары жүргізілуде.

Бұдан басқа, **29 моно және шағын қалада 74** жобаны жүзеге асыруға **34,9 млрд. теңге** бөлінді. Қалаішілік жолдардың **90** шақырымын және инженерлік желілердің **180** шақырымын (*электрмен, жылумен жабдықтау*) жаңғырту жоспарлануда.

Сонымен қатар, ірі қалалардың **шет** аймақтарын инфрақұрылымдық дамыту үшін **33** жобаны іске асыру жоспарлануда, оларды іске асыруға **41,5 млрд. теңге** бөлінді. Осы қалаларда шамамен **60** шақырым жолдар және **160** шақырым инженерлік желілер (*электрмен, жылумен жабдықтау*) жаңғыртылатын болады.

Ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсарту үшін Министрлік **«Ауыл – Ел бесігі»** жобасын іске асыру бойынша жоспарлы жұмыс жүргізуде.

**2023 жылы 1,8 мың жобаны** іске асыруға шамамен **200 млрд теңге** бөлінді, олар даму әлеуеті бар **800 ауылда** (*тірек және спутниктік АЕМ*) іске асырылуда.

Бұл қаражатқа тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығында **222** жоба, **421** әлеуметтік инфрақұрылым жобасы (*оның ішінде білім беру саласында – 114, денсаулық сақтау саласында – 58, мәдениет және спорт саласында – 249*), сондай-ақ **1 168** көлік инфрақұрылымы жобасы (*кентішілік жолдар*) іске асырылуда.

## **20-СЛАЙД**

Бұл ретте осы бағдарлама бойынша облыстар бойынша бюджеттік инвестициялар тиімділігінің **нақты мысалдары** бар екенін атап өткен жөн.

Мәселен, Павлодар облысының **Ертіс ауданында 2019-2022 жылдары 5** ауыл қамтылды (*Ертіс, Ағашорын, Қызылжар, Северное, Голубовка*), онда жалпы сомасы **1,4 млрд. теңгеге 25** жоба іске асырылды.

Нәтижесінде, осы кезеңде ауданның осы ауылдарына **7,6 млрд. теңге** жеке инвестиция тартылды.

Осылайша, біз салынған бюджеттік инвестициялардың **1 теңгесіне** тартылған жеке инвестициялардың **5,4 теңгесі** келетінін көріп отырмыз.

Өз кезегінде Ақтөбе облысының **Мәртөк ауданында** «Ауыл – Ел бесігі» жобасымен қамтылған **8** ауыл бойынша (*Мәртөк, Қазан, Саржансай, Палтавка, Сарыжар, Жайсаң, Родниковка, Қаратоғай*) 4 жыл ішінде **(2019-2022жж.) 9** жобаны іске асыруға **3,1 млрд. теңге** бөлінген болатын.

Нәтижесінде, осы ауылдарға **97** жобаны іске асыруға **9,5 млрд. теңге** жеке инвестиция тартылды.

Осылайша, осы ауданда салынған бюджеттік инвестициялардың **1 теңгесіне** тартылған жеке инвестициялардың **3 теңгесі** келеді.

Біздің ойымызша, бұл жаман нәтиже емес.

Бұл мемлекеттік инвестициялар ауылдық елді мекендердің **тартымдылығын арттырады** және жеке бизнес те оларды дамытуға инвестиция сала бастайды.

## **21-СЛАЙД**

Осыған байланысты, өздері тұратын өңірлерге, туған ауылдары мен шағын қалалардың инфрақұрылымын дамытуға (*әлеуметтік нысандар, тұрғын үйлер, балабақшалар және т.б. салу*) **ҚОМАҚТЫ** қаражат салатын жергілікті ұйымдар мен кәсіпорындардың белсенділігін атап өткім келеді.

Бұл слайдта «ERG» ЖШС, «Шуйское», «РАМИС» ШҚ, «Теңізшевройл» және басқа да ірі ұйымдардың жеке инвестицияларының сомалары келтірілген.

Бұл ретте, **2022 жылғы** осы ұйымдардан ғана түскен инвестициялардың жалпы сомасы **6 млрд-тан астам теңгені** құрады.

## 22-СЛАЙД

Өңірлік стандарттар жүйесі қазірдің өзінде ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсартудағы прогресті өлшеуге мүмкіндік береді.

Қазақстанда, өздеріңіз білетіндей, **7,5 млн тұрғыны** бар **6,3 мың** ауылдық елді мекен бар.

2022 жылғы Өңірлік стандарттар жүйесі көрсеткіштерін мониторингтеу Өңірлік стандарттар жүйесіне сәйкес қамтамасыз етілу деңгейі **жоғары (80%-дан астам)** ауылдар саны ұлғайып, 786 ауылдық елді мекенді құрағанын көрсетіп отыр, бұл 2021 жылмен салыстырғанда **525 ауылдық елді мекенге артық**. Бұл ауылдарда барлығы **3,2 млн.** адам немесе еліміздің ауыл тұрғындарының **43%-ы** тұрады.

Бұл «Ауыл – Ел бесігі» және басқа бюджеттік бағдарламалар аясындағы жобалардың ауылдық аумақтарды дамытуға және ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсартуға оң ықпалын көрсетеді.

Бұл ретте, **2022 жылғы** Өңірлік стандарттар жүйесін мониторингтеудің нәтижелері бойынша елімізде Өңірлік стандарттар жүйесінің талаптарына сәйкес қамтамасыз етілу деңгейі жоғары (*80%-дан астам*) және орташа (*50-80%*) **3,6 мың** ауыл бар.

Министрлік 2027 жылға қарай қамтамасыз етілу деңгейі орташа барлық ауылдар «Өңірлік стандарттар жүйесінің талаптарына сәйкес қамтамасыз етілу деңгейі жоғары ауылдар» санатына жеткізіледі деп болжайды.

### 23-СЛАЙД

Жалпы, **орталық деңгейде** өңірлердің инфрақұрылымын дамыту шеңберінде жеткілікті **қаржы қаражаты бөлінетінін** атап өткім келеді.

Мәселен, біздің азаматтарымыздың өмір сүру сапасын жақсарту үшін барлық орталық мемлекеттік органдар бойынша **2023-2025 жылдарға** өңірлерді дамытуға **3,2 трлн. теңге** мөлшерінде нысаналы трансферттер көзделген.

*Анықтама ретінде: Нысаналы даму трансферттері шеңберінде 2022 жылы ОМО бойынша 1,1 трлн теңге бөлінген болатын.*

### 24-СЛАЙД

Бүгінгі таңда Өңірлік стандарттар жүйесі өңірлік **диспропорциялардың себептерін** анықтауға мүмкіндік беретін құжат болып табылады.

Өздеріңіз білетіндей, олар әртүрлі болуы мүмкін. Бұл әртүрлі *табиғи ресурстар, климаттық жағдайлар, еңбек ресурстары, инвестициялар, сондай-ақ бюджетаралық қатынастардағы олқылықтар.*

Осыған байланысты өңірдің бюджетін **жоспарлау** және **орындау** процесіне **Өңірлік стандарттар жүйесін** байланыстыру қажеттігі туындайды.

Сонымен қатар, Министрлік әзірлейтін жаңа **Бюджет кодексі** шеңберінде **шекті нормативтерді (ең төменгі стандарттарды) бекіту** көзделген, олар:

- 1) ең төменгі әлеуметтік стандарттарға;
- 2) инженерлік-коммуникациялық және көлік инфрақұрылымының ең төменгі стандарттарына;
- 3) **елді мекендерге арналған Өңірлік стандарттар жүйесіне** негізделетін болады.

*Анықтама ретінде: ең төменгі стандарттар-кепілдіктер мен құқықтардың іске асырылуын қамтамасыз ететін қызметтердің, ақшалай төлемдердің және ҚР заңдарында белгіленген өзге де талаптардың ең аз көлемі. Оларды әзірлеу желінің ең төменгі нормативтерін міндетті түрде қолдана отырып қамтамасыз етілетін болады.*

Осыған байланысты, жаңа Бюджет кодексі шеңберінде **Өңірлік стандарттар жүйесінің әдіснамасы өзектендірілетін** болады, ол алдағы уақытта өңірлерде инфрақұрылыммен және көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз ету деңгейін мониторингтеу және бағалау үшін қолданылатын болады.

Жалпы, өңірлерді дамыту жоспарларын қоса алғанда, Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын әзірлеу осы мониторингтің **нәтижелерін міндетті түрде қолдана отырып** қамтамасыз етілетін болады.

Біздің ойымызша, мұндай тәсіл өңірлер арасында да, олардың ішінде де мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мен игіліктерге қол жеткізудегі **бар алшақтықтарды теңестіруге** мүмкіндік береді.

## 25-СЛАЙД

### Құрметті депутаттар!

Жоғарыда айтылғандардың қорытындысы бойынша, Өңірлік стандарттар жүйесін қолданудың негізгі мақсаты халықтың базалық Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мен әлеуметтік игіліктерге қол жеткізуіндегі **өңірлік диспропорцияларды төмендету** болып табылатынын атап өткім келеді.

Осыған байланысты орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар **жергілікті жерлерде** инфрақұрылымды дамытуды **жоспарлау** кезінде **Өңірлік стандарттар жүйесінің талаптарын ескеру** маңызды.

Сонымен қатар, өңірлік стандарттарды одан әрі жетілдіру мақсатында мынадай жұмыстар жүргізу қажет.

**Біріншіден**, Өңірлік стандарттар жүйесінің объектілері мен көрсеткіштерін **жинау мен өңдеуді ҚР Ұлттық статистика бюросы деңгейінде жүзеге асыру** қажет.

Бұл шара **қорытынды деректерді** ресми көздерден **алу үшін** қажет.

**Екіншіден**, өңірлер бөлінісінде Өңірлік стандарттар жүйесі шеңберіндегі объектілер мен көрсетілетін қызметтер (игіліктер) бойынша **ақпаратты**, сондай-ақ **қамтамасыз етуді** есептеу кезінде қабылданатын **көрсеткіштерді** қамтитын **электрондық базаны** (ашық деректер) **қалыптастыру** қажет.

**Үшіншіден**, орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың жергілікті атқарушы органдары қалалар мен



облыстардың **стратегиялық жоспарлары** мен **даму жоспарларын** (инвестициялық жоспарларды) әзірлеу кезінде Өңірлік стандарттар жүйесінің талаптарына сәйкес қамтамасыз етілу мониторингін ескеруі қажет.

### **Құрметті депутаттар!**

Біз Сіздермен Өңірлік стандарттар жүйесін әзірлеу барысында жақсы жұмыс атқардық деп санаймын.

Стандарттар тұрақты негізде уақытқа сай өзгеріп отыруы керек екені түсінікті.

Осыған байланысты болашақта белгілі бір стандарттар әр өңірдің ерекшелігіне қарай қайта қаралуы, жетілдірілуі және іске асырылуы мүмкін.

Министрлік депутаттық корпуспен бірлесіп, адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту үшін Өңірлік стандарттар жүйесінің параметрлері бойынша белсенді жұмыс істеуге дайын.

**Баяндама аяқталды.**

**Назарларыңызға рақмет!**